Осыған байланысты қазақстандық бірнеше құқық қорғаушы билікті «Венециялық комиссия-ның негізгі ұстанымдарына адал екендігін» іс жүзінде дәлелдеуге және сол заңды комиссияның сараптамасына жіберуге өткізуге шақырды. Басқа сарапшылар қазақстанның Венециялық комис-сияға кіруге дайын еместігін айтады. «Фридом Хаус» халықаралық құқық қорғау ұйымының Алматыдағы өкілі Вячеслав Абрамович «Бұл Қазақстан үшін тағы бір беделді халықаралық ұйымның тізіміне еніп, бедел жинаудан басқа ештеңе емес» дейді. Қазақстанның өтініші қабыл-данса, «Қазақстан адам құқықтарын бұза беретінін және сонымен бірге беделді ұйымның мүшесі

бола беретінін айқын білдіреді» дейді Вячеслав Абрамович.

Қазақстанның өтініші Еуропа министрлер кеңесінің Комитетінде қаралады. [3]

Биліктің дінді зайырлы мемлекеттік мекемелерге жібергісі келмегеніне қарамастан, Азат Еуропа Радиосы / Азаттық Радиосының қыркүйек айының соңында жариялаған репортажында діндарлық деңгейінің жоғары екендігі көрсетіледі. Репортажда Қазақстанның астанасы Астанада күн сайын 30 мың (немесе одан көп) ер адамның мешітке баратындығы, ал олардың 60-70 пайы-зының үкімет қызметкерлері екені туралы айтылады.

Қазақстан мұсылмандары одағының төрағасы Мұрат Телібеков заңның өзгерістер әкеле қоятынына күмәнмен қарайды.

«Бұл бюрократиялық синдром. Президентке кешенді шаралар жөнінде есеп беру үшін, оның айналасы осы шараларды ойлап тапты. Ал іс жүзінде өзгеріс бола қоймайды», - деді ол жаңа заң туралы.

Телібековтың ойынша, экстремизмнің шынайы себептері экономикалық тұрақсыздыққа байланысты. Дәл қазіргі уақытта елді алаңдатып отырған осы, діни мәселелер емес деп санайды ол [4].

Дін біріктірудің, интеграциялық үдерістердің күшті факторы бола алады. Ол үшін діндерден қайшылықтарды емес, керісінше, ортақ белгілер мен қағидаттарды, ортақ негіздер мен ортақ құндылықтарды, біріктіруші бастауды іздеуге міндеттіміз.

Айта кету керек, Қазақстан діни толеранттылық пен конфессияаралық келісім ісінде игі дәстүрлерге ие. Қазақстан көне заманнан бері саналуан мәдениеттер мен діндердің тоғысу мекені болған. Қазіргі Қазақстанның аумағында бірнеше ғасырлар бойы тәңіршілдік, зороастризм, манихейлік, буддизм, христиандық (оның әсіресе нестериондық және яковиттік тармақтары) және ислам сияқты әртүрлі нанымдар бейбіт қатар өмір сүрген, яғни толеранттылық пен конфессия-аралық келісімнің үлгісі болған. Сондықтан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атап айтқанындай: "...бізге төзімсіздік немесе діни фанатизм жат. Бұл рухани дәстүр, бұл қандай шеңберде болма-сын Құдайдың Сөзіне деген ашықтық. Бұл — Қазақстандағы конфессияаралық келісімнің ең маңызды негіздерінің бірі. Біз әлемге өзіміздің толеранттығымызбен, ұлтаралық, конфессияара-лық келісім мен диалогты сақтауымызбен танылдық. Біздің еліміздің өскелең дүниетанымдық әлеуеті бұдан әрі қарай да сақталуға, дамуға тиіс".

1. Сенат сектанттардың жолын кесетін заң жобасын мақұлдады. / Алаш айнасы. 30 қыркүйек 2011.
2. Арамза пизгыл ауыздықталсын. / Жас қазақ. 16 қыркүйек 2011.
3. http://origin.kz.azattyq.org/content/kazakhstan_religion_law/24369896.html.
4. Рысалиев А. Қазақстан саясатындағы дінге қатысты қатаң ұстаным. / IWPR Central Asia. 8 қараша 2011.

Түйін

Бұл мақалада автор Қазақстандағы конфессияаралық қатынастардың қазіргі жай-күйі туралы мәселесін қарастырып, бұл үрдіске талдау жасайды.

Резюме

В этой статье автор рассматривает вопросы современного состояния межконфессиональных отношений в Республике Казахстан и дает анализ этому процессу.

Resume

In this article the author considers questions of a current state interconfessional the relation in Republic Kazakhstan and gives the analysis to this process.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТУРИЗМ САЯСАТЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж.Қ. Симтиков – саяси ғылымдарының докторы, профессор

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміздегі туризмнің дамуына ерекше назар аударады. Өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында, әсіресе 2005 жылғы Жолдауында туризмді ел экономикасының орнықты дамуының басымды саласының бірі ретінде атап көрсеткен болатын. Туризмді дамыту жаңа жұмыс орындарын ашуға, өңірдің инфрақұрылымын дамытуға, сондай-ақ жеңіл өнеркәсіп, құрылыс бизнесі және тағы басқа салаларға оң ықпалын тигізеді.

Қазақстан туристік орталық болу үшін барлық алғышарттар бар. Атап айтқанда тарихи ескерт-кіштердің көптігі, еліміздің ерекше көрікті табиғаты, ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени мұра тізіміне енгізілген объектілері осының айғағы. Осыған орай, еліміздің бәсекелестік артықшылығын және кластерлік бастамашылығын ескере отырып, туристік индустрияны дамытудың ұзақ мерзімге арналған стратегиясын іске асырудың үлкен маңызы бар.

Мемлекеттің табысты экономикалық дамуы көбінесе оның халықаралық аренадағы ұстанымы-на, оның мәртебесі мен рейтингіне және имиджіне байланысты болады. Қазақстанды әлемдік аренада таныту мақсатында көптеген шаралар жасалуда. Оның өзі түптің түбінде шетелдік туристерді көптеп тартуға ықпал етері сөзсіз. Бүгінгі таңда еліміздің ұлттық туристік брендін әзірлеуге қатысты түлі жұмыстар жүргізілуде. Оған дипломатиялық корпусты тарта отырып жұмыс өзінің тиімділігін берері анық. Үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарла-масы (ҮИИДМБ) шеңберінде еліміздің туристік индустриясының перспективалы бағыттарын дамыту жөніндегі 4-жылдық салалық бағдарлама әзірленді. Бұл салалық бағдарлама ішкі және сырттан келетін туризмді дамытуға бағытталған. Салалық бағдарламаға сәйкес жаңа туристік инфрақұрылымдар жасалып, қалыптасқан инфрақұрылымдар заман талабына орай қайта жаңар-тылатын болады. Жаңа туристік бағыт ретінде Қазақстанның тартымдылығын арттыру үшін оның он имиджі қалыптастырылады.

Халықаралық тәжірибеде туризмді дамытуды басым бағыт деп санайтын оны басты жолға қоятын елдерде әдетте, **туристік инфрақұрылымды**, оның ішінде қонақ үйлерді дамытуды ынталандыратын заңнамалық сипаттағы шаралар қабылданады. Қолдаудың негізгі шараларына, мысалы қонақ үй саласында төмендегілер жатады:

- құрылыс салу үшін жер телімін бөлуге көмек;
- маркетингтік зерттеулер жүргізуге көмек;
- жоғары кредиттік ставкалар бойынша күрделі салымдарды қайтару;
- жобаның бастапқы кезеңіндегі шығындарды жобадан табыс алу кезеңіне жатқызу (төлемдердің мерзімін ұзарту);
- жобалар инфрақұрылымын мемлекеттің дамытуы;
- елде өндірілмейтін жобалау жабдықтарын жеткізу кезіндегі салықтық және кедендік жеңілдіктер.

Өзге де жеңілдіктерге табыс салығының болмауын (БАӘ, Эстония) және жалпы салық салу-дың үндестігін (Балтық елдерінде) жатқызуға болады. Кейбір елдерде туристік инфрақұрылым қаржылық сипаттағы маңызды жеңілдіктерге ие.

Түркияда қонақ үй-туристік кешеніне мемлекет 40% қаржылық демеу көрсетеді. Бұл бәсекеге қабілетті бағаларды белгілеуге мүмкіндік берері анық. Сонымен бірге, туристер үшін ыңғайлы жергілікті ақша бірлігімен қатар шетелдік валюталардың еркін жүруі қабылданған.

Израильде қонақ үй саласындағы инвестициялардың 30%-ына дейінгі көлемін инвесторға мемлекет тікелей аударымдар арқылы және салық жеңілдіктері арқылы (туристерді тартудың белгілі бір көлеміне қол жеткізген жағдайда) қайтарады.

Мексикада Акапулько және Канкун курорттарының маңында франко аймақтары (салық салу-дан босатылған) құрылған.

Испанияда испандық туристік өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жоспары қабылданған, онда негізгі курорттық аймақтарда қонақ үйлерді қайта жаңарту мен жаңғырту, жағажайы жоқ аудандарда (Валенсия) ауыл туризмін дамыту басымдықты бағыт ретінде белгіленген. Тенериф

аралы франко аймағы болып жарияланған, ол тек туристік қызмет көрсету құнының (оның ішінде қонақ үйлердің) төмендеуінен ғана емес, сонымен қатар басқа да өнімдердің, атап айтқанда жанармай құнының төмендеуінен көрінеді. Үкімет арал инфрақұрылымының дамуына ірі қаржы-мен инвестициялық көмек көрсетеді.

Мароккода дамудың басым жобаларына (ірі ойын-сауық саябақтары, қонақ үй кешендері және басқалары) тікелей бюджеттік инвестицияларды көздейтін (20-40%) туризмді дамыту жоспары қабылданған.

Индонезияда Бали аралы еркін экономикалық аймақ болып танылған. Бұл жағдай туристік ұсыныстардың бағасын төмендетері сөзсіз. Онда инфрақұрылымның дамуында тікелей бюджет-тік инвестициялар қолданылады. Әдетте, әлеуетті инвесторлардың алдына алдын-ала шарттар қойылады. Бұл дамушы деп танылған өңірлерде жүзеге асырылатын жобаларды инвестициялау. Осыларға қоса, төмендегідей талаптар қойылады: тұрақты валюта түрінде алынған кірістер мен табыстарды елде пайдалану; жергілікті қызметкерлерді тарту; оларды оқытуды жүзеге асыру және т.б. Кейде жобаның сыртқы түріне де (жергілікті сәулетпен үйлесу) талаптар қойылады.

Экологиялық туризм Қазақстан үшін әлемдік аренаға шығудың алғышарттарының бірі болып табылады. Қазақстанда экологиялық туризм жақсы әлеуетке ие, бірақ жеткілікті дамымаған.

Жалпы талдау жасай отырып Қазақстанға қызығушылық танытатын туристердің нысаналы топтарын төмендегідей бөлуге болады:

- жабайы, адам қолы тимеген табиғатты және таңғажайып ландшафтты ұнатушылар;
- зерттелмеген туристік бағыттарды ұнатушылар, алғашқы ашушы болуға ниетті білімқұмар туристер.

Экотуризм географиясы дәстүрлі туризмнің географиясынан ерекшеленеді. Негізгі халықара-лық экотуристік ағындар дамыған елдерден дамушы елдерге қарай бағытталған. Бірақ бұл ретте дамушы елдерде туристік салада туризмнің үлесі жоғары, себебі Еуропа және Солтүстік Америка елдерінде ішкі экотуризм кеңінен таралған деп пайымдауға болмайды.

Экотуристерді тарту жөніндегі әлемдегі алғашқы елдердің бірі Кения болып табылады. Кения келген он адамның сегізі экотуристік мақсатта келеді. Экотуризм туристік нарығы тез даму үстіндегі Латын Америкасы елдерінде және Оңтүстік Америкада да ерекше байқалады, бұл елдер инфрақұрылым құру, адам дамуы, дамуы кенже қалған «қара» аудандарды көтеру, қоғамды одан әрі демократияландыру салаларында экотуризмге маңызды үміт артып отыр.

АҚШ-та халықаралық экотуризм сұранысының 1/2-інен астамы тоғысқан. Экологиялық туризмнің сан алуан түрлері елдің өзінде де белсенді дамып келеді. АҚШ-та ішкі де, халықара-лық та экотуризммен байланысты әлемдегі ең көп ұйымдар орналасқан. АҚШ-та және басқа да дамыған елдерде экотуризмнің мемлекеттік деңгейдегі ролі шағын болса да, оның өңірлік және жергілікті деңгейдегі ролі тұрақты түрде өсіп отырады. Экосаяхаттардан түскен кірістер халық-аралық туризмнен түсетін кірістің кемінде 10%-ын құрайды.

Тұтастай алғанда, экологиялық туризмге деген әлеуетті қызығушылық халықаралық нарықта 8,9 млн. адамды (немесе жалпы әлеуеттің 63%) құрайды. Бұл туристік өнім әлемдік туризм нарығында ең үздік тұғырға ие және Қазақстанда дамыту үшін негізгілердің бірі болуы тиіс.

Қазақстанда туризмді дамыту жөніндегі 2007-2011 жылдарға мемлекеттік бағдарламада экотуризм басым бағыттардың бірі ретінде айқындалған болатын және оны дамыту жөнінде ұлттық, өңірлік және жергілікті саясатты әзірлеу көзделген болатын. Алайда, бүгінгі таңда саясат та, бір-ыңғай ұйымдастыру тәсілдері де қалыптастырылу үстінде.

Экотуризм табиғи аумақтарға туристік ағындарды көбейтуге бағдарланбаған, ол табиғатты сақтап қалуға мүмкіндік береді, тиісінше қоршаған ортаға теріс әсер етуі ықтимал инвестиция-лық жобаларды іске асыруды талап етпейді.

Қазақстанның аумағында 118 ерекше қорғалатын табиғи аумақ бар, оның ішінде 11-і мемлекеттік ұлттық парк, оларда экотуризмді дамытуға бағытталған реттеліп туристік пайдалануға жол берілген. Оның объектілерінің табиғи да, мәдени де көрнекті жерлер, табиғи және табиғи-антропогенді ландшафтар болуы мүмкін екенін есепке алсақ, сондай-ақ онда дәстүрлі мәдениет қоршаған табиғи ортамен бірыңғай тұтастықты құрайтынын есепке алсақ, экологиялық туризмді дамыту табиғи аумақтарға қаржылық қолдауды қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар оларды сақтауға деген мүдделілікті туғызуға мүмкіндік береді.

Ауыл экотуризмнің де дамуға әлеуеті бар. Оны дамыту ауылдық аумақтармен шектеліп отыр және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі қызметпен түсіндіріледі.

Көрсетілген туризм түрі шеңберінде Қазақстанда қонақжай үйлер дами бастады, туристер оларға тоқтай отырып, ауылдық өмір салтын сүреді, қазақтың күнделікті мәдениетімен және табиғи көрнекті жерлерімен танысады.

2005 жылдан бастап Алматы қаласында Экологиялық туризмнің ақпараттық ресурстық орталығы қызмет етеді, орталық аталған қонақжай үйлерді құру және дамыту жөнінде жұмыс істейді. Бұл үйлер Қазақстан Республикасында экологиялық, орнықты туризмді дамыту тұжырымдамасының құрамдас бөлігі болып табылады.

Аталған мәселе бойынша халықаралық тәжірибені зерделеу, экотуризмнің әлеуметтік-экономикалық рөлі түрлі функциялы аудандарда ерекшеленетінін көрсетіп отыр. Ауыл шаруашылығы аумағында экотуризм өндірістік, ландшафты және жергілікті халықтың дәстүрлі өмірі үшін қосымша кіріс көзі болып табылады. Басты функциясы табиғи және мәдени-тарихи мұраны қорғау болып табылатын аумақтарда экотуризм – осы функцияны атқаруды экономикалық тұрғыдан ақтайтын басты кіріс көздерінің бірі болып табылады. Өнеркәсіптік аудандарда экотуризмнің рөлі аз өзгеріске ұшыраған табиғат учаскелерін қорғауда және халықтың физиологиялық және психологиялық тепе-теңдігін ұстап тұруда болып табылады.

Сонымен қатар, Қазақстанда мәдени-танымдық туризмді тиімді дамыту өзінің жемісін берері хақ. Сақ қорғандары, Есіктегі Алтын адам және көптеген басқалары сияқты жиырма жеті мың көне ескерткіштің болуы Қазақстанның көне және бірегей тарихына куә.

Ұлы Жібек жолының қазақстандық учаскесі тарихи ескерткіштердің, археология, сәулет, қала құрылысы және монумент өнері ескерткіштерінің бірегей кешенін білдіреді. Олар тек сауда орталықтары ғана емес, сондай-ақ ғылым мен мәдениеттің орталығы болған Отырар, Тараз, Сайрам, (Испиджаб), Түркістан (Яссы), Баласағұн және басқа да көне қалалар болып табылады.

Осының барлығы мәдени-танымдық туризмді тиімді дамытуға ықпал жасауы тиіс, бірақ аталған сектордың жарнамалық-ақпараттық материалдың болмауы, нашар инфрақұрылым, соның ішінде туризм объектілерінің жанындағы орналастыру орындарының аздығы, журу жолдарының төмен сапасы сияқты көптеген факторларға тәуелді болуын ескерсек, оның төмен бәсекеге қабілеттілігі байқалады.

Қазақстан бірегей табиғи-минералдық және климаттық ресурстарға ие бола отырып, емдеу-сауықтыру және тау шаңғысы туризмін де дамыта алады.

Емдеу-сауықтыру қызметтерін көрсету мен дамыту нарығындағы жағдай туристік-рекреациялық бағыттағы кәсіпорындар санының өсуіне қарай өзгеруде.

Аталған мәселенің жай-күйін талдау 1999 жылдан бастап санаторийлік-курорттық мекемелер мен демалыс ұйымдарының саны бірте-бірте көтеріліп және дамып келе жатқанын көрсетеді, олардың саны 2007 жылдың қорытындысы бойынша 127-ге дейін өскен.

Қазақстан үшін аса өзекті осы мәселе бойынша халықаралық тәжірибені зерделеу санаторийлік-курорттық емделуге туристік келулер бойынша көшбасшылық ең ірі және әйгілі әлемдік Карловы-Вары шипажайының арқасында Чехияға тиесілі екенін көрсетіп отыр. Чехияның ұлттық туристік әкімшілігінің деректері бойынша, жыл сайын оған әлемнің 70-тен астам елінен 50 мыңға жуық адам емделу үшін және 2 млн-ға жуық турист рекреациялық-сауығу мақсатында келеді екен.

Швейцария – соңғы он жылда тау шаңғысы туризмі бойынша танымал ел, тау шаңғысы туризмі елге 20 млрд. АҚШ долларына дейінгі көлемде кіріс әкеледі. Туризмнің осы түрі Альпі тауларына белсенді пайдаланатын Италия мен Францияда, сондай-ақ Австрия, Словения және Монте-негрода дамыған. Туризмнің осы бағытын дамытуды жандандыруды Болгария мен Түркия сияқты елдер де жоспарлап отыр.

Қазақстан үшін тау шаңғысы туризмін дамытудың жоғары өзектілігі бар, оны дамыту жекелеген өңірлерде әлеуметтік-экономикалық дамудың негізіне айналуы мүмкін.

Бірегей табиғи жағдайлар жайлылық пен қызмет көрсетудің жоғары деңгейіне ие, заманауи ірі тау шаңғысы кешендерін салуға мүмкіндік береді.

Туризмнің жоғарыда көрсетілген түрлерін дамыту барлық туристік-рекреациялық кешеннің экономикалық тұрақтылығын және табыстылығын қамтамасыз етуге, елдің құнды табиғи емдік ресурстарын сақтауға және ұтымды пайдалануға, туристік-рекреациялық қызметтерді көрсету деңгейін арттыруға, елде бәсекеге қабілетті туристік индустрияны қалыптастыру және дамыту үшін жағдайлар туғызуға ықпал жасайтын болады.

Туризм инфрақұрылымның дамуына қарамастан, көптеген туристік объектілерде қызмет көрсету сапасы төмен деңгейде қалып отыр. Бұл туристік сала үшін кадрларды даярлау жүйесін

жетілдіру жөніндегі шараларды іске асыру уақытты талап ететінімен байланысты.

2008 ж. 5 шілдеде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Аталған Заңды іске асыру шеңберінде жұмыс берушілерде білім беру қауымдастықтармен және ұйымдарымен бірлесіп, өздеріне қажетті туристік кадрларды кәсіби даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру курстарын енгізуге нақты мүмкіндік тудыру үшін нормативтік база жасалды. Бұған «Туризм саласындағы мамандарды кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға қойылатын жалпы талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 ж. 23 қыркүйектегі №878 қаулысы бағытталды.

Елдің туристік сала үшін кадрлар даярлайтын жоғары оқу орындарында Дүниежүзілік туристік ұйым ұсынған «WTO-TedQual» туристік білім беру сапасы жүйесін енгізу проблемалық мәселе күйінде қалып отыр.

Осы мақсатта ЮНДТУ сарапшылары мен Білім және ғылым министрлігі сертификаттаудың аталған жүйесін Қазақстанның бір жетекші мемлекеттік жоғары оқу орнының базасында енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру туралы мәселені зерделеу жөніндегі жұмысты жалғастыруда.

Өңірдің туризм орталығы болуды жоспарлап отырған Қазақстанға, қызмет көрсету секторында талап етілетін орта және жоғары буындағы білікті кәсіби мамандардың жетіспеушілігі ерекше өткір байқалатын туризм индустриясы саласында кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру жөнінде шаралар кешенін қабылдау қажет.

Туристік сала үшін мамандарды даярлау техникалық және кәсіптік білім берудің 77 оқу орнында 11 мамандық және 33 біліктілік бойынша жүзеге асырылуда, онда 16,6 мың адам оқиды.

Туризм және спорт министрлігі бизнес-қауымдастықтардың, жұмыс берушілердің, сондай-ақ, туризм индустриясы үшін кадрлар даярлайтын жоғары, техникалық және кәсіптік орта оқу орындары басшыларының қатысуымен Еуропалық білім беру қорының (ЕБК) «Орталық Азия елдеріндегі ұлттық біліктілік шеңберлері» жобасы шеңберінде туризм саласының жаңа біліктілік құрылымын әзірледі. Оны бекіту үшін эксперименталды сынақ өткізу керек.

Осы мақсатта Туризм және спорт министрлігінің қолдауымен және тікелей қатысуымен пилоттық жоба ретінде туризм саласында икемді біліктілік құрылымды енгізу жөніндегі пилоттық жоба іске асырылуда.

Соңғы жылдары ішінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Білім және ғылым министрлігі мен Статистика агенттігі бірлесіп, Экономикалық қызмет түрлері жіктегішіне және Салалар бойынша мамандар даярлау бағыттарының жіктегішіне Министрлік бастама жасаған туризмді кластерлік дамытуды іске асыруға байланысты өзгерістер мен толықтыруларды енгізу жөнінде жұмыс жүргізілді.

Сонымен қатар, соның негізінде туризм статистикасы қалыптастырылатын және туризм саласының мемлекет экономикасын дамытуға қосатын үлесін бағалауға мүмкіндік беретін Туризмдегі қосымша шот енгізілді. Алайда, экономикасында туризмнің үлесі 50%-дан астамды құрайтын елдермен қатар, статистикалық есепке алуды жетілдіруді әлі де жалғастыру талап етіледі.

Қазақстанда ішкі туризмді дамытудың негізгі міндеттері инфрақұрылымның дамуын және ұсынылатын қызметтер сапасын жақсартуды қамтитын, бәсекелестікке қабілетті туристік сала құру болып табылады. Республикада жыл сайын ішкі туризмді дамыту мақсатында «Сарқылмас саяхат» атты қазақстандық туристік жәрмеңке, «Ертіс меридианы» атты республикалық Қазақстан мен ТМД елдері туристерінің достығы слеті, Іле-Балқаш регатасы, «Туризм есірткіге қарсы» атты республикалық туристік саяхат, «Туризм есірткіге қарсы» ұранымен республикалық туристік слеттер және тағы басқа іс-шаралар өткізілуде. Бұл іс-шараларды Қазақстанда өткізу әріптес-тік байланыстар орнату үшін және өзара тиімді келісімшарттар жасасу үшін қолайлы жағдайлар туғызады. Жыл өткен сайын қатысушылардың ғана емес қатысушы елдер саны да артып отыр. Қазақстанның аса бай және алуан түрлі туристік әлеуетін ескере отырып, туризмнің барлық түрлерін дамытуға біздің бірегей мүмкіндіктеріміз бар екендігін көрсетеді. Мәдени-тарихи объектілерге барумен байланысты танымдық туризмнен бастап, туризмнің басқа түрлерін дамыту үшін де барлық мүмкіндіктер бар. Осы тәуелсіздік жылдары ішінде қазақстандық туристік индустрияның өкілдері өңірлік, республикалық және халықаралық бағдарламалар мен жобаларды іске асыруда, туризмнің материалдық-техникалық базасын дамытуда және нығайтуда, көрсетілетін қызметтер сапасын жақсартуда айтарлықтай жетістіктерге ие болды. Бүгінгі таңда республикада

туристік нарықтың 1901 кәсіпорны, оның ішінде 683 туроператор, 1218 турагенттер туристік қыз-метті жүзеге асырумен айналысады. Бұл тәелсіз еліміз үшін жаман көрсеткіш емес. Қазіргі таңда тиісті инфрақұрылым жасау жолымен, ақпараттық имидждік жұмыстар жүргізу және ішкі туризмді дамыту жөніндегі күш салулар біріктірілуде. Ол деген біздің отандық туристік өнімге сұраныстың көбеюіне әкеледі. Туризм саласындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктері тиімді іске асырылғанда, таяу жылдары туризм шикізат ресурстарына тәуелділікті қысқарту сая-сатында елеулі факторға айналып, еліміздің үдемелі индустриялық-инновациялық дамуына ықпал ететіндігіне сенім мол.

Түйін

Мақалада ҚР туризм саясатының кейбір мәселелеріне, атап айтқанда туристік инфрақұрылымды, оның ішінде қонақ үйлерді дамытуды ынталандыратын заңнамалық сипаттағы шаралар, экологиялық туризм мәселесі, мәдени-танымдық туризмді тиімді дамыту, туристік сала үшін кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру жөніндегі шараларды іске асыру мәселелеріне көңіл бөлініп талдау жасалынған.

Резюме

В представленной статье рассматриваются некоторые аспекты политики области развития туризма в Казахстане. Особое внимание обращается к развитию инфраструктуры и гостиничного бизнеса, проблемы экотуризма, развития культурно-познавательного туризма, а также подготовке кадров Казахстана в современности.

Summary

In the present article discusses some aspects of the policy of tourism development in Kazakhstan. Particular attention is drawn to infrastructure development and hospitality industry, the problems of ecotourism, the development of cultural-cognitive tourism, as well as training in Kazakhstan today.

ӘОЖ 327 (574)

KAZAKHSTAN'S FOREIGN POLICY

*Senior lecture Kanafina G.E. –
The department of international relations*

Kazakhstan's foreign policy was formulated shortly after Kazakhstan gained its independence on December 16, 1991. The first President of the independent Kazakhstan, Nursultan Nazarbayev, indicated that diplomacy's main objective was to create and maintain favorable conditions for steady development of the Kazakhstan based on political and economic reforms. The nature of these reforms determines the nation's foreign policy priorities, impartiality, and a desire to be fully involved in both international and regional events.

The primary goals of Kazakhstan's foreign policy are as follows:

- * Protect national interests.
- * Provide favorable conditions for political and economic development.
- * Develop strategic cooperation with leading countries and regions of the world.
- * Improve cooperation with international organizations.
- * Strengthen democratic principles within the new world order.
- * Contribute to global and regional security and stability while opposing new threats such as, terrorism, drug trafficking, and organized crime.
- * Participate in the processes of regional and global economic integration.
- * Promote democracy as well as social and human development.
- * Protect the environment and sustain development.

Key Decisions

The Government made key decisions and adopted policies regarding:

- * The military
- * Politics
- * Economics
- * Democratic reforms
- * A new state governing system

These decisions were essential in easing Kazakhstan's transition to the world community and helped create a foreign policy in harmony with the global political trend towards liberalization.

One of the most important decisions Kazakhstan made during the last 15 years was to become a non-nuclear state and pursue a policy of nonproliferation. Kazakhstan's diplomacy was successful in developing positive relations with 140 countries and helping it to become a member of 64 international political and economic organizations. In March 1992, Kazakhstan was accepted into the United Nations Organization and has played an active role in its initiatives for the past 18 years. There have been no conflicts or confrontations between Kazakhstan and other countries to date, thus further underscoring the effectiveness of the nation's diplomacy.

Global Integration

Kazakhstan has signed more than 1,300 international and intergovernmental contracts and agreements establishing a practical, contractual, and legal framework for relations with other countries. Furthermore, to create conditions required for integration into global and regional processes, Kazakhstan has established active cooperation with the majority of North American, European, and Asian countries as well as their chief regional organizations, including the:

- * Organization for Security and Co-operation in Europe (OSCE)
- * Economic Cooperation Organization (ECO)
- * Organization of the Islamic Conference (OIC)

Participation in regional and global affairs and events is necessary to strengthening Kazakhstan's independence. The nation is involved in several global transformation processes that highlight the issue of interdependence. Problems that were once considered domestic or regional now have a larger impact on the world, causing globalization to become the dominant factor in world politics. Although interdependence is a factor in areas such as finance, technology, and information technology (IT), the globalization of the economy is gaining influence and importance in society as it affects major political decisions.

Foreign policy has become an integral part of Kazakhstan's state policy. Consequently, the Republic has found ways to coordinate its own interests with those of other countries. Kazakhstan is represented by more than 70 diplomatic and consular offices worldwide. In the realm of diplomacy, the Republic has achieved several important milestones:

- * Enactment of the Law on Diplomatic Service of the Republic of Kazakhstan
- * Establishment of Kazakhstan's foreign policy and international cooperation
- * Gaining respect in the international community
- * Increasing recognition of the Republic's foreign policy's principles within the diplomatic community.

For the first time in its history, Kazakhstan was elected to the United Nations Economic and Social Council (ECOSOC) in November 2006. It gained the support of 187 of 192 UN member states at the General Assembly – significantly more than the required two-thirds vote.

Regional Alliances.

Kazakhstan continues to develop regional alliances in every corner of the world because of the increasing significance of globalization and economic integration. Many countries recognize their national goals can only be achieved through developing regional cooperation. For this reason, Kazakhstan has undertaken efforts to promote regional economic integration. For example, the city of Astana has increased its cooperation with the:

- * Commonwealth of Independent States (CIS)
- * Eurasian Economic Association
- * Central Asian Economic Association
- * Shanghai Cooperation Organization

In early 2005, Kazakhstan called on its neighbors to help establish the Central Asian Union based on the following shared characteristics:

- * History
- * Ethnicity
- * Culture
- * Economy
- * Challenges
- * Future interests

During 1992 meeting with the UN, President Nazarbayev called for an initiative to establish the Conference on Interaction and Confidence-building measures in Asia (CICA), designed to develop and strengthen security and related organizations. Many Asian nations encouraged this initiative and a number of international organizations, including the United Nations, supported the process. In June 2002, the first CICA summit took place, and the "Almaty Act," which outlines the principles of security and cooperation in Asia, was adopted.

Kazakhstan continues to develop regional alliances in every corner of the world because of the increasing significance of globalization and economic integration. Many countries recognize their national goals can only be achieved through developing regional cooperation. For this reason, Kazakhstan has undertaken efforts to promote regional economic integration. For example, the city of Astana has increased its cooperation with the:

- * Commonwealth of Independent States (CIS)
 - * Eurasian Economic Association
 - * Central Asian Economic Association
 - * Shanghai Cooperation Organization
- Kazakhstan's Stance on Current International Issues

Kazakhstan believes new threats to regional and global peace and stability require collective political will and global effort. Such threats include:

- * International terrorism
- * Drug trafficking
- * Interethnic and religious conflicts
- * Humanitarian crises
- * Poverty and epidemics
- * Illegal migration
- * Man-made environmental disasters

The root causes of these threats lie in economic and political underdevelopment and degradation. Therefore, comprehensive agreement on collective mechanisms and instruments is essential to successfully address these threats.

Contributions to International Security

Nonproliferation has been the cornerstone of relations between two countries that traveled a long way from newly born cooperation to mature strategic partnership between Kazakhstan and the United States.

Kazakhstan's adherence to building peaceful world resulted in open and constructive Kazakh-US cooperation in nuclear nonproliferation based on the Nunn-Lugar Initiative "Cooperative Threat Reduction Program".

In August 1991 President Nazarbayev has signed a historic decree to close the Semipalatinsk nuclear test site. Kazakhstan by then dismantled its infrastructure, and had signed agreements concerning nuclear armaments. Now Kazakhstan is implementing the proposals made by the President N.Nazarbayev during the Disarmament Conference to include Kazakhstan's seismic stations in the International Monitoring System.

On the 29th of December 1991 the leaders of Belarus, Kazakhstan, Russia and Ukraine signed the Almaty Declaration in which they agreed on the control mechanisms over the operation of the nuclear arsenal of the former USSR and affirmed their international obligations concerning the strategic arms reduction.

On the 23rd of May 1992 in Lisbon the representatives of Kazakhstan, Belarus, Ukraine, Russia and USA signed a five party Protocol to the Strategic Arms Reduction Treaty. At the same time Belarus, Ukraine and Kazakhstan, as the states possessing nuclear weapons, committed themselves to the Non-Proliferation Treaty. Thus Kazakhstan has made a historical decision to renounce its nuclear heritage which was an important step strengthening the statehood of our country as an integral part of existing world civilisation.

In accordance with the Lisbon Protocol, Kazakhstan, Belarus and Ukraine, as successor states to the USSR in terms of the Strategic Arms Reduction Treaty, have agreed to participate, along with Russia and USA, in the work of the joint Commission on observance and inspection. They have also agreed to conclude agreements on the limits and restrictions specified by the Treaty. Kazakhstan ratified the Treaty and the Lisbon Protocol, which is an integral part of the Treaty, on the 2nd of July 1992. The Strategic Arms Reduction Treaty came into force in 1994 and paved the way to disarmament and the elimination of more than 9,000 nuclear warheads under strict supervision.

Kazakhstan was the first among the participants of the Lisbon Protocol to implement the provisions concerning removal of nuclear warheads. On the 21st of April 1996 the process of removal of 1416 nuclear warheads from Kazakhstan territory was completed. On the 30th of May 1995 the last nuclear test warhead, which was located in a gallery on the Semipalatinsk test site, was destroyed. Finally Kazakhstan had got rid of its nuclear inheritance forever.

During the Soviet era, Kazakhstan was the site of the world's fourth largest nuclear arsenal of more than 1000 deadly ICBMs which posed a menacing, if not dangerous, threat to international peace, depending on the leadership and direction of that country when it became independent in 1991. Fortunately, that leader was Nursultan Nazarbayev who acted decisively to order the dismantling and removal of the country's entire nuclear weapons system. In 1994, Kazakhstan transferred more than a

half-ton of weapons-grade uranium to the U.S. In 1995, Kazakhstan removed its last nuclear warhead and, with U.S. assistance, completed the sealing of 181 nuclear test tunnels in May 2000. Kazakhstan has signed the START Treaty (1992), the Nuclear Non-Proliferation Treaty (1993), the Chemical Weapons Convention, and the Comprehensive Test Ban Treaty (2001).

On March, 21, 2009 the Treaty on Nuclear Weapon Free Zone in Central Asia, signed on September, 8, 2006 in Semei, Kazakhstan, went into force. Kazakhstan welcomes the Treaty's becoming effective and believes that it will contribute to global non-proliferation process and promote regional and international security. The new denuclearized zone in Central Asia has a number of unique features. First, one of the zone's state namely, Kazakhstan, in the past possessed the forth largest nuclear arsenal. Secondly, for the first time the denuclearized zone is created in Northern hemisphere. Thirdly, this Treaty becomes the first multilateral agreement in security area which brings together all five Central Asian countries. And finally, for the first time the denuclearized zone has been created in the region which borders upon two nuclear states. The Protocol on negative security assurances is an integral part of the Treaty. Under the Protocol, the nuclear weapon states pledge not to use or threaten to use nuclear weapons against any states member to the Treaty.

On June 18, 2009 over 25,000 locals, Kazakh dignitaries and world media gathered in Semey city to celebrate the 20th anniversary of Kazakhstan's decision to stop nuclear tests at the Semipalatinsk Test Site. The meeting was held in Semey where President Nursultan Nazarbayev addressed an appeal to the international community to back up the peaceful mission of Kazakhstan. In his speech, President Nazarbayev emphasized that refusal to conduct nuclear testing has become possible due to courage and enthusiasm of millions of Kazakhs that put an end to the crimes against lives and health of the whole people of Kazakhstan. Besides he noted that "starting from the first days of the country's independence, Kazakhstan did not leave its citizens alone with their problems. The work on social rehabilitation of the population and the territories suffered the harm of the nuclear tests is being constantly carried out. For these purposes the state utilized nearly KZT 34 billion (approximately \$215 million)".

In December 2009, the UN General Assembly unanimously accepted a resolution put forward by Kazakhstan proclaiming August 29, the day when in 1991 President Nursultan Nazarbayev signed a decree on the closure of Semipalatinsk Test Site, as the 'International Day against Nuclear Tests'. Recognizing the negative impact of nuclear testing on human life and the environment, as well as the importance of ending nuclear tests as one of the key means of achieving a nuclear-weapon-free world, the Resolution sets out to commemorate a significant date in Kazakhstan's – and, indeed, - the world's history.

The international community has fully appreciated Kazakhstan's contribution to this nuclear disarmament programme.

Paying a visit to Kazakhstan in April 2010 U.N. Secretary General Ban Kim-moon said "I highly commend the extraordinary leadership of president Nazarbayev of Kazakhstan, who courageously closed this nuclear test site and initiated the nuclear weapon-free zone in Central Asia. That's a big milestone".

During the Nuclear Security Summit in Washington, D.C. in April, 2010 Obama praised President Nazarbayev "as really one of the model leaders in the world on nonproliferation and nuclear-safety issues". U.S. President B. Obama and other leaders also took positive view on President Nazarbayev's proposition to establish an International Nuclear Fuel Bank on the Kazakh territory. President Nazarbayev highly appraised the antinuclear initiatives and achievements of the U.S. President in ensuring international security, namely, convocation of the Global Nuclear Security Summit, signing the New START Treaty with Russia, adoption of the new US nuclear posture review which had become a great step towards establishment of the nuclear-free world.

The Government of Kazakhstan's contribution to the nuclear disarmament program demonstrates its commitment to the objectives of global security, establishing Kazakhstan as a critical member of the world community.

Domestic and OSCE Political Agenda

In May 2007, Kazakhstan modified its Constitution by:

- * Allowing for two consecutive presidential terms of five years each
- * Increasing the powers of Parliament
- * Introducing a proportional representation to elect members of the Majilis (Lower House)
- * Establishing a party-based parliamentary system

Kazakhstan's Foreign Minister Marat Tazhin outlined the agenda of Kazakhstan's priorities and further political reforms at the Organization for Security and Co-operation in Europe's (OSCE) Ministerial Meeting on November 29, 2007 in Madrid. The Madrid commitments were incorporated into the 2008 "State-of-the-Nation" address, in which President Nazarbayev declared that the government, judiciary, and legislature, in close cooperation with the ODHIR/OSCE, international NGOs, and Kazakh civil society, are to define and implement upcoming political reforms.

OSCE Chairmanship

In its role as the 2010 OSCE Chairman-in-Office (CiO), the Republic of Kazakhstan intends to follow the “Ministerial Troika” of 2009-2011 and the newly developed “Quintet” format. Kazakhstan, the first non-European CiO, will pay specific attention to its Chairmanship agenda by focusing on longstanding OSCE agenda items, such as:

- * Democracy
- * Human rights
- * Unresolved conflicts

At the same time, Kazakhstan intends to introduce its own agenda:

* Security – Strengthening security in Central Asia is one of the most important priorities of Kazakhstan’s efforts within the OSCE. In addition, Kosovo’s independence can potentially help end unresolved conflicts in Transcaucasia (Nagorno-Karabakh, Abkhazia) and other European regions (Crimea, Moldavia).

* Inter-religious tolerance – Kazakhstan will enhance international laws that strengthen inter-religious and ethnic tolerance within the OSCE’s zone of responsibility. Foreign Minister Tazhin’s 2008 commitments to cooperate with the OIC and OSCE also illustrate Kazakhstan’s determination in strengthening inter-religious and interethnic dialogue at all levels.

* Energy security – In support of the European Union energy security agenda, Kazakhstan will strengthen alternative energy. This corresponds with the United States’ policies of energy security, such as the Clean Technology Fund, that focus on alternative energy and the development of clean energy technologies.

* Economic dimension – The core of Kazakhstan’s economic vision consists of the following goals:

- * Promote systemic market reforms
- * Enhance healthy financial systems and markets
- * Improve governance
- * Increase transparency
- * Expand anti-corruption efforts

These goals, along with additional assistance and significant investments, will be directed towards OSCE member countries, including:

* Georgia * Kyrgyzstan * Tajikistan * Armenia * Ukraine * Romania * Bulgaria * Turkey

Political integration

Kazakhstan is the only Central Asian (CA) country to adopt a government plan to provide \$3 million in aid to assist Afghanistan. Accordingly, Kazakhstan will construct a highway, build a school and hospital, and supply agricultural stock to Afghanistan. This nation has also become one of Kazakhstan’s national security priorities; consequently, methods to enhance cooperation are being discussed in the following fields:

- * Trade
- * The mining sector
- * International auto and air communication
- * Mutual protection of investments.

Түйін

Мақалада Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының кейбір жақтары қарастырылады.

Резюме

Статья рассматривает некоторые аспекты внешней политики Республики Казахстан.

Resume

The article is devoted some aspects Kazakhstan’s foreign policy.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚШ-ТЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСІ

С.К. Салихова –

Абай атындағы ҚазҰПУ-дің «Халықаралық қатынастар» мамандығының II курс магистранты

Америка Құрама Штаттарымен қарым-қатынас – Қазақстан Республикасы сыртқы саясатындағы жетекші басымдықтардың бірі. АҚШ-тың жаһандық даму мен әлемдік экономикадағы рөлін және жаһандық қауіпсіздікті орнықтыру жолындағы айрықша жауапкершілігін ескерер болсақ, осынау алып державамен достық және тұрақты қатынас республиканың ұлттық мүдделеріне сай келеді және біздің мемлекеттің сындарлы да болжамды арнада тұрлаулы дамуын қамтамасыз ете отырып, оның қауіпсіздігін, егемендігі мен экономикалық өркенділігін нығайтуға жағдай жасайды.

Америка Құрама Штаттарымен ықпалдастықты дамыту Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының стратегиялық бағыттарының біріне жатады. Көптеген жылдар бойы Қазақстан Республикасы АҚШ-тың стратегиялық әріптесі болып келеді. Қазақстан мен Америка Құрама Штаттарының қауіпсіздік жөніндегі көзқарастары мен ұстанымдары бір жақты болып келеді. Оның ішінде атап айтар болсақ, терроризмге және есірткі бизнесіне қарсы бірлесіп күресу.

Қазақстан мен АҚШ өңірлік және халықаралық қауіпсіздікті, ең алдымен жаппай қырып-жою қаруын таратуға қарсы күрес мәселесі бойынша қауіпсіздікті нығайту ісіндегі жемісті диалогты ұстанып келеді. Біздің еліміздің халықаралық қауіпсіздікті нығайтуды және ядролық салада өзіне алған халықаралық міндеттемелерді мүлтіксіз орындауды берік жақтаушылығы әлем жұртшылығы тарапынан мойындалып, халықаралық қоғамдастыққа Қазақстанның халықаралық бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қолдан келгенін бәрін істеуге ұмтылатын мемлекет ретіндегі рөлін нығайтты. Қазақстанның ядролық қарусыз мемлекет ретінде Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуын және Құрама Штаттардың басқа да жетекші әлемдік держава-лармен бірге республикаға тәуелсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз етуге кепілдік беруін айрықша атап көрсеткен жөн.

Екі жақты ынтымақтастықтың іргетасы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1992 жылдың мамырында АҚШ-қа алғашқы сапарының барысында, екі мемлекеттің басшылары “жаңа қатынастар” орнату туралы жариялаған кезден қаланған болатын. Кейіннен екі жақты қатынастарда жаңа факторлардың қалыптасуына орай олардың сапалық маз-мұны айтарлықтай толыса түсті. 1994 жылғы ақпанда Вашингтонда екі мемлекеттің басшылары “Демократиялық әріптестік туралы хартияға” – ҚР мен АҚШ-тың әріптестік қатынастарын дамыту үшін негіз қалаған өзекті құжатқа қол қойды. Хартияда көзделген сауданы, саясатты, экономика-каны, денсаулық сақтауды, мәдениетті қоса алғанда барлық салалардағы өзара ықпалдастықты дамыту ниеті кешенді түрде іске асырылуда. [1]

Өзінің қорғаныс қабілеттілігін арттыру және аймақтық қауіпсіздікті нығайту мақсатында Қазақстан НАТО-мен тиімді ынтымақтастықты дамытуға мүдделі болып отыр.

Қазақстан мен Солтүстік Атлантикалық Одақ НАТО-ның әскери-саяси жүйедегі кең ауқымды бірлескен әрекетін қамтитын «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасы аясындағы серіктестер болып табылады. НАТО-ның «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасы Еуропалық және Атлантикалық кеңестік ауқымында саяси және әскери ынтымақтастықтың кеңеюіне және нығаюына, қауіпсіздік саласында тұрақтылық пен қарым-қатынастардың күшеюіне ықпал етеді. [2]

Халықаралық жағдай жағынан Қазақстан бейбітшілік сүйгіш елдердің қатарында және өзінің барлық көршілерімен – Ресеймен және Қытаймен, Орталық Азия елдерімен, стратегиялық серік-тесі – АҚШ-пен құқықты, әрі өзара тиімді қатынастарды дамытумен келеді.

Жалпы, АҚШ-тың Орталық Азиядағы саясаты әуел бастан ақ үш құрамдасқа ие: экономика-лық, әскери және саяси. Америка Құрама Штаттарының саяси бағытының экономикалық құрам-дасы бұл аймаққа Вашингтонға доступ қамтамасыз еткен белгілі бір деңгейде сәтті кіріспе бол-ды. Орталық Азия елдері тәуелсіздікті алғаннан бері АҚШ-тың аймағы саясаты экономикалық және мемлекеттік институционалды реформаларға ықпалдасуға, әскери ынтымақтастықты жақ-сартуға, сонымен қатар әлеуметтік бағдарламаларды өткізудегі көмекке шоғырланды. 2001 жыл-дың 11 қыркүйегінен кейінгі оқиғадан кейін АҚШ- тың аймақтағы саясатының негізгі бағыттары-

ның бірі халықаралық терроризммен күрес бойынша біріккен қимылдар жүргізу болды.

Женевадағы Біріккен Ұлттар Ұйымы бөлімшесінің Бас директоры, БҰҰ бас хатшысының орынбасары Қасымжомарт Тоқаев бүкіл әлемді дүр сілкіндірген АҚШ-тағы лаңкестіктің он жыл-дығына арналған мақаласында қазіргі дәуір дүниежүзілік қауымдастықтағы барлық мемлекеттердің жаһандық өзара тәуелділігімен және дәстүрлі емес сынақтар мен қатерлердің пайда болуымен сипатталатыны жайлы жазған болатын. Жаһандану әлі зерттеліп болмаған жағымды нәтижелердің де, жағымсыз салдардың да туындауына себеп болуда. Оның аса қауіпті салдарының бірі – халықаралық лаңкесшілдіктің ақпараттық және өзге де қазіргі заманғы технологияларға қол жеткізу есебінен әлемдік дүние тәртібіне ықпал ету қабілетінің арта түскендігі.

АҚШ территориясында террорлық әрекеттерді болдырмауға бағытталған ұлттық күштер ретінде анықталатын, американың тарихында алғаш рет «ұлттық қауіпсіздік» (national security) терминімен қатар арнайы түрде «ішкі қауіпсіздік» (homeland security) термині қолданыла бастады. Алғаш рет өзінің тарихында американдық заңгерлер «Халықаралық терроризм» және «Ішкі терроризм» түсініктерін ажырата бастады. [3]

Анығын айтқанда, қазіргі кезде дүние жүзі халықаралық лаңкесшілдіктің құпия күштері осы заманғы өркениеттің негіздеріне қарсы ұйымдастырып отырған жаңа соғысты бастан кешуде. Бұл текетіреттің принципті жағы тараптардың ешқайсысында айқын басымдықтың жоқтығы болып табылады. Халықаралық лаңкесшілдіктің жойқын күші үдеп бара жатқаны аландатпай қоймайды, жазықсыз адамдар ғана емес, тіпті, бірқатар мемлекеттердің саяси жүйесі де оның шылауына айнала бастады. Әлемдік экономикаға да халықаралық лаңкесшілдіктің төндіріп отырған қатері аз емес. Оның үстіне біз қазіргі кезде "мемлекеттік лаңкестік" деп аталатын құбылысты байқап отырмыз. Ресми мемлекеттік саясатқа айналуы ықтимал бұл құбылыстың қатері айқын болып тұр.

Құрама Штаттарының қауіпсіздік мәселелері бойынша ынтымақтастыққа мүдделерінің кенет артуы аймақтағы америкалық белсенділіктің қаржы – экономикалық кеңеюімен нығайтылды.

АҚШ-тың Орталық Азия елдерімен өткен жылдардағы экономикалық қатынастарының анализі олардың дамуы біркелкі емес өтіп жатқандығын және елеулі қиындықтармен кездесіп жатқандығын көрсетеді. [4]

2001 жылдың соңына қарай АҚШ талибтерге қарсы әскери операциясының негізгі бөлігін аяқтады, бұл елде халықаралық бақылау және ауыспалы үкімет орнатуға көмектесті және 2002 жылы қаңтардың басында-ақ Ауғанстанда тұрақтылықты сақталуының кепілі мақсатымен Американың Орталық Азия аймағындағы әскери-саяси орналасуы туралы мәселе тұрды.

Орталық азиялық аймаққа қазіргі таңда аймақтық және одан географиялық тұрғыдан алыс мемлекеттер үлкен қызығушылықтарын танытуда. Бұл аймақта геосаяси қуаттылық, потенциалды ірі байлықтарға жету мүмкіндіктері, діни, ұлттық мақсаттар мен айрықшылықтардың алға жылжуы, сонымен бірге түрлі аспектілердегі қауіпсіздік «тәуекелге қойылған». Бұл мағынада Орталық Азия АҚШ-тың сыртқы саясатынан да тыс қалмайды. АҚШ-тың Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастығының басты аспектілерінің бірі қауіпсіздік сферасы болып табылады.

АҚШ-тың Орталық Азия елдерімен қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығының негізгі бағыттарына келетін болсақ, соңғы жылдары АҚШ-тың Орталық Азия елдеріне қатысты сыртқы саясатында аймақ елдерімен қауіпсіздік саласында ынтымақтастықты дамытуға үлкен қызығушылық көрінуде.

Соңғы уақытта қалыптасқан тенденциялар болашақта АҚШ-тың ғаламдық деңгейде, сондай-ақ Орталық Азиядағы қазіргі кезеңдегі заңды. Бүгінгі таңда Қазақстан дүние жүзінде болып жатқан үрдістерге қатысып, әлемнің көптеген елдерімен тұрақты саяси және экономикалық байланыс орнату арқылы халықаралық қоғамдық институттардың беделді мүшесіне айналды және күрделі экономикалық және саяси мәселелерді табысты шешуде басқа елдерге үлгі болатындай деңгейге көтерілді.

Қазақстан Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін де мұнымен тоқтамай, АҚШ-пен Нанна-Лура-ға бағдарламасы аясында әріптестік танытып, ел шекарасындағы ядролық қарудың көзін жойды. Дүние жүзінде қуаты жағынан төртінші орынды алатын ядролық қаруға ие Қазақстан халықаралық аренада өзінің сыртқы саясаты стратегиясының өзегі саналатын көп векторлық, яғни, көп-жақты әріптестікті негізге алған бағдарды ұстанды. Ондағы мақсат әлемнің алыс-жақын елдерімен өзара тиімді ынтымақтастықты орнату, еліміздің тәуелсіздігі, оның аумақтық тұтастығы мен шекарасының бұзылмауы екені белгілі. [5]

2010 жылдың сәуір айында Президент Назарбаев 47 мемлекет және халықаралық ұйым бас-

шыларымен бірге Вашингтонда өткен ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммитке қатыс-ты. Мұнда ол ядролық қауіпсіздік және ядролық қарудан азат әлем құрудағы бірінші кезекте атқарылар шараларға қатысты Қазақстанның ұстанымын белгілеп берді.

Бұл игі іс Украина мен Беларуссияның де өз құзырындағы ядролық қарудан бас тартуына түрткі болды. Қазақстан аумағында ол таңда 1400 ядролық оқтұмсық болатын. Ал бұл Франция, Ұлыбритания және Қытайды қоса есептегендегіден де көп еді. Содан бері Қазақстан ядролық қару мен оның инфрақұрылымынан түгелдей тазаланды. АҚШ пен Ресеймен әріптестік орнатып, сонымен бірге МАГАТЭ ұйымымен орнаған тығыз байланыстың арқасында Қазақстан уранды байыту деңгейін төмендету және ядролық материалдар мен құрылғылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы шараларды жүзеге асыруда. Бұл жұмыстар жалғасын тауып, жаңа жобалардың жоспары әзірленуде. Бұл Қазақстанның ядролық қаруды таратпау бағытындағы жұмыстарға қосқан үлесі тоқтамағанын көрсетеді.

Қазақстан мұрагерлікке алған жаппай қырып-жоятын қарудан құтылып, қарусыздану мен қару таратпауды берік қолдаушыға айналды. Бұл ел өркениетті әлемнің мүшесі ретінде өзінің халықаралық міндеттемелеріне жауапкершілікпен қарайды және лаңкестікпен күресте мүмкін болған көмектің бәрін көрсетеді.

Жаһанның лайықты болашағын қамтамасыз ету жолында өзінің жауапкершілігін сезіне отырып, Қазақстан Азия үшін бұрын-соңды болмаған қауіпсіздік органын құру жөнінде идея ұсын-ды. Бүгінде Азиядағы өзара әрекет пен сенім шаралары жөніндегі Кеңес деп аталатын бұл про-цеске Жер шары халқының жартысынан көбі тұратын Еуразияның 16 мемлекеті қатысады.

Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жаңа жүйесін құру үрдісі аймаққа өте маңызды, себебі дәл ол перспективада аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету механизмдеріне негіз бола-ды. Сондықтан Орталық Азия мемлекеттерге аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді және эффективті механизмдерді құру үрдісіне белсенді қосылу қажет.

Қазақстан Еуро-Атлантикалық серіктестік кеңесінің мүшесі және «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасының қатысушысы ретінде АҚШ пен Еуропалық одақтастарымен ынтымақтасып, тек ұлттық қауіпсіздікті ғана емес, сонымен қатар халықаралық қауіпсіздік саласында-ғы көпжақты ынтымақтастық ісіне де өз үлесін қоса алады.

Қазақстан өзінің геосаяси факторларына және экономикалық әлеуетіне орай американдипломатиясының назарынан тыс қала алмайды. АҚШ- тың Қазақстанға мүдделілігінің бірнеше деңгейі бар. Бұл бірінші кезекте, халықаралық аренада АҚШ- пен бәсекеге түсетін бірнеше мемлекеттің мүдделері тоғысқан аймақта АҚШ- тың стратегиялық қатысуын қамтамасыз етуімен байланысты геосаяси фактор. Келесі фактор мәдени-идеологиялық фактор. Тағы бір деңгей ол АҚШ-қа және оның одақтастарына Орталық Азия аймағынан төнетін қатердің алдын алуды қамтиды. Олардың қатарына қару-жарақты, ядролық материалдарды тарату, есірткі саудасы, терроршылдық, діни экстремизм проблемалары жатады.

Қорыта айтқанда, бейбіт өмірді сақтап тұрудағы оның сан алуан қырларын қарастырып, шынайы бағалау – бүгінгі күннің басты мақсаты. Әлемдік тәжірибеден белгілі болғандай, тұрақ-тылықты сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономиканы реформалау үшін, әлемдік бірлестік-тің интеграциялануы үшін бірлесу қажет еді. Америка Құрама Штаттарымен ынтымақтастықты дамыту Қазақстанның ұлттық мүдделеріне сәйкес келеді. Қазақстанның халықаралық қатынастар жүйесіне әрі қарай интеграциялану қарқыны мен сапасына жоғары деңгейдегі кездесулер мен келіссөздер өз ықпалын тигізуде.

1. Назарбаев Н. Сындарлы он жыл. – Алматы: Атамұра, 2003. – 240 б.
2. Ә.Б. Күзембаева. « Қазақстан және НАТО: ынтымақтастық даму үстінде» // КазНУ Хабаршысы. – 2010. №5-6. – 78-81 б.
3. Скаковский Л.Р. Понятие « национальной безопасность» в американской политической науке: теоретико-методологические аспекты: Казахстан – Спектр. – 2009. №3. – С. 60-66.
4. Қ.Айтжанова «Өмір, тіршілік адамдардың ғана емес, мемлекеттердің де бір-бірімен етене араласуын, қарым-қатынас жасауын қажет етеді» // Саясат. – 2011. №4. – 65 б.
5. <http://news.nur.kz>.

Түйін

Бұл мақалада Қазақстан Республикасы мен АҚШ-тың өңірлік және халықаралық қауіпсіздікті қамтама-сыз етудегі стратегиялық әріптестегі қарастырылады.

Резюме

В статье рассматривается стратегическое партнерство Казахстана и США в обеспечении региональной и международной безопасности.

Resume

The development of relationship between Kazakhstan and the USA on the problems of ensuring regional and international security is considered in this article.

УДК 327 (574+510)

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ СВЯЗИ ВЕЛИКОБРИТАНИИ И КАЗАХСТАНА

В.Стружихин – магистрант кафедры гуманитарных специальностей
Института магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая

В Декларации двадцатилетия государственной независимости Республики Казахстан подчеркивается, что «многовекторная внешняя политика республики доказала свою эффективность». [1] Это наглядно подтверждается и развитием экономического сотрудничества между Казахстаном и Великобританией.

Великобритания занимает пятое место по объемам инвестиций в экономику Казахстана, и на ее долю приходится 14% прямых иностранных инвестиций. По объемам торговли Великобритания является третьим европейским торговым партнером Казахстана. [2]

Главными направлениями казахстанско-британского торгово-экономического сотрудничества являются энергетика, разведка и добыча полезных ископаемых, строительство, социальная инфраструктура, здравоохранение, транспорт и связь, консалтинговые услуги, значительно активизировалось сотрудничество в финансовой и банковской сферах.

Основной сферой деятельности британских компаний в Казахстане является нефтегазовая отрасль. Здесь присутствуют Бритиш Газ, Бритиш Петролеум и Шелл, а также множество менее крупных сервисных компаний и поставщиков. В марте 1995 года между Республикой Казахстан и альянсом компаний «Аджип» / «Бритиш Газ» было подписано Соглашение о принципах раздела добычи (СПРД).

Основные статьи казахстанского экспорта представлены минеральными продуктами, феррохромом, сталью, медью, шерстью, кожевенным сырьем, удобрениями, драгоценными и полудрагоценными металлами. В структуре импорта преобладают оборудования и технические аппаратуры, транспортные средства, оптические приборы, химические, алкогольные и табачные продукты, текстиль, продукция пищевой промышленности и др.

Значительное число британских компаний работают в секторе услуг, предоставляя, к примеру, консалтинговые, банковские и юридические услуги. Британцы представлены в сфере гражданской авиации, где компания British Airspace участвовала в создании и владеет 49% акций национального перевозчика Air Astana. Британские компании также работают в области производства табачных изделий, добычи цветных металлов, предоставления образовательных услуг и других секторах. [3]

Для развития экономических отношений в 1993 году был создан Казахстанско-Британский Торгово-промышленный Совет.

Тематика заседаний Совета включает вопросы развития казахстанского топливно-энергетического комплекса, транспортной отрасли, сельского хозяйства, инвестиционного, инновационного сотрудничества, малого бизнеса и сферы образования.

27-29 июня 2007 г. В Лондоне прошла конференция «Kazakhstan Growth Forum» («Казахстан: новые горизонты роста») с участием более шестисот представителей частных и государственных структур, международных организаций и СМИ. Конференция была посвящена ознакомлению с социально-политической ситуацией в стране, инвестиционным климатом, законодательной и

налоговой базой, последними тенденциями развития всех основных секторов экономики, таких как нефть и газ, финансовый сектор, строительство и недвижимость, металлургия, электроэнергетика, транспорт и инфраструктура, инновационные технологии и коммуникации, агропромышленный комплекс, розничная торговля и др. [4]

Активно развивается сотрудничество Казахстана с Национальным контрольно-ревизионным управлением Великобритании (NAO) с целью применения казахстанскими государственными и частными структурами передового опыта контрольно-ревизионной деятельности и корпоративного управления. 12-15 сентября 2007 г. состоялся визит Генерального аудитора и контролера Великобритании сэра Дж. Борна в Астану, в ходе которого было подписано Соглашение о сотрудничестве между Счетным комитетом по контролю за исполнением республиканского бюджета РК и Национальным контрольно-ревизионным управлением Великобритании.

24-25 января 2008 г. состоялся визит исполнительного Вице-президента компании «BG Group» Ч.Бланда и Генерального менеджера по связям с правительствами и общественностью компании «BG Group» Дж. Бака с руководством Сената Парламента РК, министерств иностранных дел, финансов, охраны окружающей среды, энергетики и минеральных ресурсов и других ведомств РК.

В ходе встреч обсуждались вопросы сотрудничества Казахстана и компании «BG», в частности, перспективы дальнейшего развития Карачаганакского месторождения, партнерства с третьими странами, инвестиционного климата в Казахстане и перспективных планов деятельности «BG Group» в РК и регионе в целом.

В рамках стратегии по укреплению экономических связей, Британский Департамент по торговле и инвестициям (UK Trade and Investment) открыл Офис по торговле и инвестициям в Западном Казахстане. UK Trade and Investment также создал Группу, объединенную общим интересом к Казахстану (KOGIG UK), которая будет широко и активно поддерживать британские торговые-инвестиционные интересы в нефтегазовом секторе Казахстана.

В начале 2005 г. Президент Н.Назарбаев объявил о присоединении РК к инициативе Т.Блэйра по прозрачности в добывающих отраслях (EITI), что позитивным образом отразилось на характере двусторонних отношений. Логическим продолжением активного политического диалога двух стран стало подписание межправительственного Меморандума об энергетическом сотрудничестве.

В контексте инвестиционной политики и развития экономических связей важную роль играет присутствие на казахстанском рынке британских компаний «BG Group» и «Shell» (Карачаганак, Кашаган и др.).

В металлургической промышленности на казахстанском рынке активно действуют «Испат-Кармет», который является крупнейшим частным работодателем в РК, а также золотодобывающие компании «Три К. Эксплорейшн» и «Бакырчик Голд» (более 56 тысяч рабочих). Британская «Индепендент Пауэр» стала владельцем Карагандинской ГРЭС-2. Крупные инвестиции вложены английской «Транс Уорлд Групп» в создание Павлодарского комплекса по производству алюминия. [5]

Активно развивается сотрудничество в транспортной отрасли, в частности с компанией «BAE Systems». В августе 2001 г. был подписан контракт об учреждении совместной казахстанско-британской авиакомпания «Air Astana», которая успешно работает на внутреннем рынке РК и на международных маршрутах. 13 декабря 2003 г. открыто прямое авиационное сообщение между Алматы и Лондоном.

Активно развивается сотрудничество в кредитно-финансовой сфере. В 1992 г. в Великобритании были отпечатаны первые банкноты казахстанской валюты – тенге. Национальный Банк и ведущие банки РК поддерживают прямые корреспондентские отношения с Банком Англии, Национальным Вестминстерским банком и другими банками Великобритании. Казахстаном привлечено 6 негосударственных займов под государственные гарантии на сумму около 264,7 млн. долл., из которых освоено 176 млн. (67%).

Крупные компании и банки Казахстана, такие как «Казахмыс», «Казахголд», «Разведка и Добыча», «КазМунайГаз», «ENRC», «Шагала», «Казкоммерцбанк», «Банк Туран-Алем», «Халыкбанк» и «Альянс банк» разместили свои акции на Лондонской Фондовой Бирже, а по уровню капитализации «Казахмыс» вошла в FTSE-100 – список ста крупнейших компаний. FTSE-100 – это самый важный индекс Лондонской фондовой биржи, где все операции совершаются в электронном виде. [6]

В рамках визита Н.А.Назарбаева в Лондон в ноябре 2006 г. состоялась презентация в Лондонском Сити казахстанских институтов развития «Самрук», «Казына» и Агенства по регулированию деятельности регионального финансового центра Алматы (РФЦА), а также подписание Соглашения о сотрудничестве между «London Stock Exchange Plc» и РФЦА.

В последние несколько лет правительства Казахстана пытается обеспечить, чтобы прямые иностранные инвестиции и экономический рост были сопряжены с развитием страны. Все больше внимания уделяется развитию потенциала местных компаний и подготовке казахстанских специалистов.

Великобритания прошла через такой же период развития в 70-е годы двадцатого века, когда всего за десять лет страна из мелкого поставщика нефти превратилась во второго крупнейшего оффшорного производителя.

Диверсификация экономики и развитие нефтегазовых отраслей становятся самыми актуальными вопросами на повестке дня. Правительство теперь подходит к этой проблеме более стратегически, признавая, что использование доходов от нефтяной отрасли для развития устойчивой экономики становится главным долгосрочным приоритетом для Казахстана.

Казахстанское правительство направляет значительные средства на диверсификацию, что открывает новые возможности перед британскими компаниями. [7]

Всего в Казахстане зарегистрировано 365 совместных казахстанско-британских компаний, из них 302 предприятия являются действующими.

Важным аспектом энергетической политики Великобритании является предотвращение негативных последствий изменения климата. Это серьезная экологическая проблема, которую предстоит решить человеку. Целью Великобритании в данной проблеме стало сокращение к 2050 году выбросов CO₂ на 60%. Для этого продолжают развиваться возобновляемые источники, и повышается эффективность использования энергии. Например, Великобритания намерена обеспечить, что-бы к 2020 году 20% потребляемой Британией энергии поступало из возобновляемых источников.

Казахстан также может играть важную роль в достижении этих целей. Сейчас, в сравнении с мировыми показателями, республика не производит большое количество выбросов парниковых газов. Но при этом Казахстан находится в уникальном положении страны, где в условиях быстрого развития экономики и роста доходов возникает необходимость замены многих установок по производству энергии, и где также есть большие возможности для развития возобновляемых ее источников.

17 сентября 2011 г. в Астане прошло 15-е заседание Казахстанско-британского торгово-промышленного совета (КБТПС). В открытии насыщенных и плодотворных дискуссий приняли участие сопредседатель с казахстанской стороны – вице-премьер, министр индустрии и новых технологий РК Асет Исекешев, сопредседатель с британской стороны – заместитель председателя Консультативного совета Price Waterhouse Coopers сэр Джон Статтард и посол Великобритании в Казахстане Дэвид Моран.

Межправительственный орган КБТПС создан в 1993 году для развития торгово-экономического сотрудничества двух стран. За прошедший период оно стало довольно плодотворным и, что немаловажно, основанным на дружеских отношениях. Великобритания для Казахстана – один из стратегических партнеров.

В динамике товарооборота между странами есть тенденция к росту. Согласно статистическим данным, объем торговли за первое полугодие 2011 года составил 1 миллиард 380 миллионов долларов, что на 16% больше, чем за аналогичный период прошлого года. Это позитивный показатель, особенно на фоне непростой мировой экономической ситуации.

Д.Саттард заявил, что о значимости отношений и нынешнего мероприятия говорит количество приехавших в Астану руководителей британских компаний, представляющих долгосрочные интересы в инвестировании в Казахстан – более 20. Это показывает особый характер сотрудничества между двумя странами. Казахские компании активно регистрируются на Лондонской бирже. Участвуют британцы в развитии государственно-частного партнерства, например, в проекте по строительству дороги Шымкент – Ташкент.

Довольны в Великобритании знаниями казахстанских студентов и намерены продолжать сотрудничество с АО «Назарбаев Университет» и привлечь к этому Кембриджский университет.

Британский бизнес верит в Казахстан. Он инвестировал в экономику республики более чем 15 миллиардов долларов с момента обретения ею независимости.

В рамках заседания совета были обсуждены вопросы партнерства в области инвестиций, инноваций, высшего и профессионально-технического образования, медицины и охраны окружающей среды. [8]

День 10 ноября 2011 года на Лондонской фондовой бирже открылся с приветствия делегации Казахстана и Фонда национального благосостояния «Самрук-Казына» одной из крупнейших мировых торговых площадок. Старт торгам дали главы Лондонской фондовой биржи и ФНБ Хавьер Роле и Тимур Кулибаев.

Посол Великобритании в Казахстане Дэвид Моран констатировал плодотворное и долгосрочное сотрудничество с Казахстаном: Англия занимает пятое место по объемам инвестиций в нашу страну. Он выразил уверенность в успешном наращивании этого взаимодействия, в том числе в рамках реализации программы «Народное IPO» между биржами двух стран.

В свою очередь посол Казахстана в Великобритании Кайрат Абусеитов обратил внимание на то, что это первое мероприятие, которое основано на концептуальном подходе business to business. Таким образом, мы подходим к совершенно новой стадии развития экономических отношений двух стран.

К.Абусеитов высказал надежду, что такие встречи будут проходить каждый год: один – в Астане, следующий – в Лондоне.

Именно теме программы «Народное IPO» была посвящена первая сессия казахстанского дня на Лондонской фондовой бирже. Следующие были посвящены не менее важным темам: фармацевтической, химической промышленности, горно-металлургическому комплексу и энергетике. Также прошло заседание «круглого стола» на тему «Инвестиции и инновационное развитие».

Были подписаны два конкретных соглашения между одной из казахстанских национальных компаний и научной лабораторией Кэмбриджа. Они направлены на исследования важных направлений и выпуск продукции, до этого не производимых в Казахстане, но отвечающих мировым стандартам. [9]

Таким образом, в настоящее время экономическое сотрудничество между Казахстаном и Великобританией поднимается на более высокий уровень.

1. Декларация двадцатилетия государственной независимости Республики Казахстан // *Казахстанская правда*. – 2010. 12 декабря.

2. *Континет*. – 2001. №3. – С. 30.

3. Матвеев В.М. *Британская дипломатическая служба*. – М.: МО, 1990. – С. 25.

4. Плат Д.С. *The Cinderella Service*. – London, 2007. – С. 268.

5. Назарбаев Н.А. «*Казахстанский путь*». – Астана, 2006. – С. 274.

6. *Казахстанская правда*. – 2006. – 21 ноября.

7. *Дипломатический курьер*. – 2008. №1. – С. 133.

8. *Казахстанская правда*. – 2011. – 17 сентября.

9. *Казахстанская правда* – 2011. – 11 ноября.

Түйін

Мақалада автор Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы экономикалық байланыстар қарастырылады және бұл үрдіске талдау жасалынды.

Резюме

В данной статье автор рассматривает казахстанско-британские экономические связи и дает этому процессу некоторый анализ.

Resume

In given article the author considers of the Kazakhstan-British economic relations and gives to this process some analysis.

ЖАҢА ӘЛЕМДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚАУЫМДАСТЫҚТАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН РОЛІ

Ж.Нишанбаев - *Абай атындағы ҚазҰПУ Шетел тілдері және ХҚ факультеті Халықаралық қатынастар кафедрасының 4 курс студенті*
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы А.К. Кульбаев

Ежелден келе жатқан ынтымағы жарасқан елдің болашағы жарқын болады деп бекер айтпаған ата-бабаларымыз. Талай ұлт, талай мемлекет ұлттық тұтастығын, бірлігін сақтай амай тарих сахнасынан жойылып кетіп жатқаны баршамызға мәлім. Олардың айқын көріністерінің ретінде Солтүстік Ирландия, бұрынғы Югославия, Перу, Ауғанстан, Камбоджа, Руанда және басқа да елдер ешбір өркениеттің, ешбір мәдениеттің алауыздықтың ауыр салдарынан сақтандырылмаған-дығын дәлелдеп отыр.

Көптеген елдерге тән этникалық сан алуандылық жағдайында этникалық шептерге сәйкес мемлекеттік шекараларды белгілеу жөніндегі әрекеттер, жас мемлекеттердің өмір сүруін өзіне қауіп төндіретін уақыт пен қасыретті түсінуге мәжбүр етті. Осындай әрекеттермен жымысқы тірліктер жанымызды жаулап бара жатқанда ел билігіне Н.Ә. Назарбаев келіп бірлігіміз бен ынтымағымыздың тұтастығын сақтап қалу үшін білек сыбана іске кірісті. Қазақ елінде 120-дан астам ұлт өкілдерінің ауыз бірлігін, ынтымақтастығын ойлап жыл сайын Қазақстан Халықтары Ассамблеясының сессиясында баяндамалар оқып, ұлттарды бір ортаға жинап, бір мүдде үшін, яғни Қазақстан Республикасының бірлігі үшін күресуге шақырды. Ал, мұның өзі өткенді есте сақтамай отырып, болашаққа көз жүгіртуді басқа халықтармен тату және жарасты өмір сүруді, олардың мәдениетін, салт-дәстүрін құрметтеуді білдіреді. Ата-бабаларымыз: «Береке басы – бірлікте» - деп, тегін айтпаса керек. Ұлтаралық шиеленістермен түрлі дәрежедегі қақтығыстар адамзат дамуының барлық кезеңдері үшін тән құбылыс. Сондықтанда социалистік дүниеден кейінгі қазіргі жанжалдардың өршуі де сөзсіз еді. Шығыс данасы Конфуций айтқаны бар: «Адам баласы өз өткенінен гөрі өз болашағын жақсырақ біледі». [1] Сол айтылғандай, бүкіл адамзат бастан кешірген жалпы тарихтың мәнін танып білу бір бөлек те, уақыт жағынан шектеулі қандайда бір жалқы тарихи кезеңнің мәнімен маңызын пайымдау бір бөлек. Алыстағыны бағамдап, бағасын беруге батылың жетер-ақ, бір-ақ күні кешегі, жаыны тәрқындағы оқиғаларға баға беру қиынның қиыны тәрізді. Уақыт дегеннің өзі қас-қағым сәт болсада көз алдында тарихқа айналатыны бар.

«Қасиетті қазақ жері – ата-бабаларымыздың даңқты тарихын атының тұяғымен жазып кеткен жер». Әдемі айтылған! Бұл сөзге көз тоқтату аз, ой тоқтату қажет. Сонда былай толғанасыз: «Қасиетті қазақ жерінің тұлданған тарихымен тұтастық құпиясын осынша терең түсініп, кеудедегі кіршіксіз ақ та пәк дірілмен дәл осылай тебіренбесе, Н.Ә. Назарбаев бұл даланың елін басқарып не керек, бізге оны Елбасы ғып сайлап не керек» - депті З.Қабдалов. Біз осындай ерекше тұлғаны таңдап, сайлап, тағдырымызды қолына бергеніміз жайдан-жай емес, міне, үшінші мыңжыл-дықтың алғашқы жылдарында, ел тәелсіздігін тағы бір қайталап айтсақ болады. 1991 ж. 1 желтоқ-санда бүкілхалықтық Қазақстан Президентінің сайлауы болып, сайлауда Н.Ә. Назарбаев жеңіске жетті. 10 желтоқсанда Президент Н.Ә. Назарбаев өз міндетіне кірісті. Осы күні Қазақ КСР-ы Қазақстан Республикасы деп атау туралы шешім қабылданды. Елбасымыз өз міндетіне кіріскеннен кейін саясаттағы өз орнын тауіп, тың пікірлер айтып, қазақ елінің жарқын болашағы үшін енбек етіп келе жатыр.

КСРО-ның ыдырау процесін тездеткен 1991 жылғы тамыз бүлігі 1991 жылдың қазанына қарай көптеген республикалардың өз тәуелсіздігін жариялауына септігін тигізді. 1991 ж. 16 желтоқсан-да Республиканың Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң қабылданды. Осы күні Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады.

1992 ж. 2 наурызда Қазақстан БҰҰ-ның толық мүшесіне айналды. Елімізді дүниежүзі қауымдастығы мойындады. Сол жылы 5 қазанда Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 47-сессиясында сөз сөйледі. Президент өз сөзінде «Азиядағы бірлескен іс-қимыл және өзара сенім жөніндегі кеңесті» шақыруды ұсынды. [2] Ондағы мақсат Еуропадағы ЕҚЫҰ үлгісін-де Азиялық құрылым жасау болатын.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуы кезек күттірмейтін міндет ретінде оның

мемлекеттік нышандарын (символдарын) қабылдауды талап етті. Бүкілхалықтық талқылаудан кейін 1992 жылғы маусымда Жоғарғы Кеңестің сессиясы Республиканың жаңа мемлекеттік Туын мен Елтанбасын бекітті. Ту авторы – суретші Шәкен Ниязбеков, Елтанба авторлары – сәулетші-лер Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов. 1992 жылғы 11 желтоқсанда Қазақстан Республикасы мемлекеттік Әнұранның мәтіні бекітілді. Мәтінін жазғандар – Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Жадыра Дарибаева. Әуенін жазғандар – Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский, Латиф Хамиди (1944 ж. нұсқасы сақталды).

1993 жылғы қантардың 28-інде Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданды. Негізгі Заң 4 бөлімнен, 21 тараудан, 131 баптан тұрды. Оның Құрамдас бөлімі еліміздің қоғамдық даму ерекшелігін бейнелейтін өтпелі кезең жадайларына арналған тарау.

1995 жылы 30 тамызда еліміздің жаңа Конституциясы қабылданды. Бұл негізгі Заңымызда республиканың экономикалық күш-қуаты мен мүмкіндіктері ғылыми тұрғыдан тиянақталып, халықтың әлеуметтік топтарына тиісті мәселелерді шешу ескерілді.

2002 ж. 4 маусымда Алматыда ұйымға мүше елдердің басшыларының жоғарғы дәрежедегі бірінші саммиті өтті. Саммитке Н.Ә. Назарбаев төрағалық етті. Кездесуде лаңкестікті жою және өркениеттер арасындағы байланыстар туралы Алматы актісі мен ұйым Декларациясы қабылданды. Әлемдік деңгейдегі маңызды оқиғалардың бірі 2003 ж. ақпан айында Алматыда өткен бірінші Бейбітшілік және келісім жөніндегі халықаралық конференция болды. Елімізде тұрақтылықпен келісім диалогын қамтамасыз ету бағытымыздың жалғасы ретінде 2003 ж. және 2006 ж. қыркүйек айында Астанада өткен әлемдік және дәстүрлі діндердің жетекшілерінің бірінші және екінші съезі болды. Оның жұмысына Азия, Америка, Таяу Шығыс және Еуропадағы барлық әлемдік діндердің өкілдері қатысты. Съезді БҰҰ Бас хатшысы, АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Италия, Египет және т.б мемлекет басшылары және әлемнің көптеген белгілі қоғам және саяси қайраткерлері құтықтады.

Биыл еліміз өз тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойын атап өтуге әзірленуде. Сонау алыста қалған 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң қабылданған болатын, бұл қоғамның, адам құқықтары мен бостандықтарының, меншіктің, саяси плюрализмнің және билік бөлінуінің негізгі қағидаларын бейнелейтін құқық-тық, саяси және идеологиялық құжат. Осы іргелі ережелер Конституцияның негізін қалады. Еліміздің азаматтары үшін осы бір ерекше күн ел тарихының ескі сатысының аяқталып, Республика-мыздың дамуының жаңа кезеңінің басталуының белгісі болып табылады. Қазіргі уақытта ҚР кемелді тәуелсіз мемлекетке айналды. Жиырма жылдық мерзім ішінде елімізде кең көлемді мемлекеттік түбегейлі өзгерістер орын алды. 2 палаталы Парламент құрылды, сот жүйесінің негізі қаланды, жаңа елорда салынды. Қарулы күштер, Республикалық ұлан, шекаралық әскерлер және әскери теңіз флоты пайда болды. Қазақстан өз аумағында ядролық қаруды пайдаланудан өз еркі-мен бас тартып, өзін ядролық қарусыз ел ретінде жария етті. Өткен жылы біз Кедендік одаққа кірдік. Еліміздің халықаралық саясаты мемлекеттің егемендігі мен тәуелсіздігінің дүниежүзілік кепілдігіне қол жеткізуге бағытталды. Ауқымды, әрі жемісті жұмыс жасалды. Қазақстанды әлем ресми түрде танып, тату дипломатиялық қарым-қатынас құрды. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының толық құқылы және белсенді мүшесі болып отыр, сондай-ақ еліміз Еуроодақ, Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі, Халық-аралық Валюта Қоры, Халықаралық Атомдық Энергия Агенттігі, Қызыл Крест, ЮНИСЕФ және ЮНЕСКО сияқты аса беделді халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығын күшейтуде. Бүгінгі күні Қазақстан Халықаралық алаңда атақты, әрі танымал деп сенімді түрде айта аламыз. Президент Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған жарқын және есте қаларлық алғашқы жолдауы 1997 жылдың күз айында жасалды. Экономикалық күшімізді нығайту процесі сол жолдаудан бас-талды. Бұл «Қазақстан-2030», еліміздің өркендеуінің ұзақ мерзімді стратегиясы. Өзінің биылғы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Жолдауында Елбасымыз әлеуметтік мәселелерді бірінші кезекке қойды. Барлық міндеттерді орындау үшін біз мықты, дені сау және білімді ел болуымыз керек. Сонымен бірге өз Жолдауында Елбасымыз агроөндірістік кешеннің дамуына және ауылдың жалпы дамуына көп көңіл бөлді. Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостан-дыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Елбасының «Қазақстанның тәуелсіздігі қазақтарға тартқан тағдырдың сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастап кешу арқылы қол жеткен өз мемлекеттілігін құруға деген заңды құқығы бұл даусыз және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс», - деп атап көрсетуінде

үлкен мағына жатыр.

Міне, айта берсек Елбасымыздың Қазақстан үшін, Қазақстанның әлемдік саясаттағы орны үшін және өзінің дана саясаткер екенін осы жасалған еңбектің айқын жемісі. Бұл Президентіміздің мемлекеттің қалыптасу жолында жасалған алғашқы нақты қадамдарының бірі ғана. Осындай қадамдарды Қазақстан халқы бірлікпен ынтымақпен жүзеге асырған жағдайда ғана еліміздің болашағы жарқын болмақ. Мұның өзі көптеген халықтардың өздерін бір-біріне шеттетудің кезеңінен өтуіне байланысты. Президентіміздің осындай еңбектері үшін марапатталып та жатты. Әлемдік саясат мәселесінде де өзге ұлы саясатшылармен аты теңдей дәрежеде аталып жүр. Бұл біз үшін мақтаныш, қуаныш.

1. *Даналық сөздер.* – Алматы, 1996.

2. *«Егемен Қазақстан».* 6 қазан 1992.

Түйін

Бұл мақалада автор егеменді еліміздің дүниежүзілік қауымдастықтағы алатын орны мен ролін қарастырады.

Резюме

В данной статье автор рассматривает роль и место Казахстана в мировом сообществе и дает этому процессу некоторый анализ.

Summary

In this article the author examines the role and place of Kazakhstan in the international community and gives some analysis of this process.

УДК 327 (574)

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҚЫҰ-ДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫНЫҢ КЕЙБІР ЖАҚТАРЫ

Ж.Қалилаева – *Абай атындағы ҚазҰПУ Шетел тілдері және ХҚ факультеті Халықаралық қатынастар кафедрасының 4 курс студенті,*
А.К. Кульбаев – *Ғылыми жетекші, аға оқытушы*

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) – Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңес негізінде құрылды. 1994 ж. Будапештте өткен мемлекеттер мен үкіметтер басшыларының кездесуінде оны ЕҚЫҰ деп атау жөнінде шешім қабылданды. Бұл – Еуропа, Батыс Азия және Солтүстік Америка құрлығының 56 мемлекетімен консенсус негізінде келіссөздер, кеңестер өткізіп, саяси шешімдер қабылдауға арналған көптарапты құрылым. ҚР бұрынғы 14 одақтас республикалар қатарында Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымға мүше болып 1992 ж. қаңтардың 30-ында кірді. Қазақстанның саяси-әскери қауіпсіздігін сақтауда бұл Ұйымның маңызы зор.

Мүше мемлекеттер басшыларының кездесулері тұрақты өткізіледі. Министрлер кеңесі мән жағынан екінші басшылық орган болып саналады. Оның мәжілісі мемлекеттер басшылары кездесуінің аралық кезеңінде жылына 1 рет Прага қаласында өтеді. Ұйымның лауазымды басшысы – Бас хатшы, оны министрлер кеңесі 3 жыл мерзімге тағайындайды. Ұйымның құрамында Аз ұлт-тардың ісі жөнінде 9 жоғары комиссар, Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюро және Парламенттік ассамблея бар.

Алғашқы кезде Еуропаның ынтымақтастығы және қауіпсіздігі жөніндегі кеңесі деп аталған бұл ұйымның негізі 1973 ж., бұрынғы Кеңестер Одағының ұйтқысымен қаланған. 1973 ж. шілде айында сол тұста қалыптасқан Шығыс пен Батыс елдері арасындағы шиеленіскен жағдайды қалыпқа түсіру үшін КСРО-ның ұйымдастыруымен Хельсинкиде 33 мемлекеттің басшылары бас қосқан еді. Міне, сол кезде басталған келісім-шарттың соңғы қорытындысына 1975 ж. 1 тамызда Хельсинкиде қол қойылды. Ол тарихқа «Хельсинки келісімі» деген атпен енді. Бүгінде бұл халықаралық ұйымға Еуропа мен Орта Азияның, Солтүстік Американың 56 мемлекеті мүше. Құрылғанына 40 жылдай уақыт болған ЕҚЫҰ – әлемдегі ең беделді ұйымдардың біріне айналды.

Ол үш бағытта жұмыс атқарды – қауіпсіздік, ынтымақтастық және адам құқы. Басты мақсаты – ел мен елдің арасындағы, елдердің өз ішіндегі шиеленістердің алдын алып, оның салдарын жою болып табылатын бұл халықаралық ұйым құрылған кезінен бастап әлемдегі бейбітшілікті сақтау ісіне зор үлесін қосып келеді.

ЕҚЫҰ-ның негізін құрушы басты құжат 1975 ж. әлемнің 33 мемлекеті қол қойған Хельсинкидегі қорытынды акт болып табылады. Бұл құжат сол кездегі Еуропа құрлығындағы қалыптасқан халықаралық жағдайды түпкілікті бекітуге және Батыс пен Шығыстың арасындағы қарым-қатынастардың шиеленістерін шешу бағытындағы іс-қимылдарды одан әрі дамытуға жағдай жасауы тиіс болды. Онда кеңеске қатысушы елдердің өзара қарым-қатынастары мен ынтымақтастықтың нормаларын айқындайтын негізгі принциптері көрініс тапты. Еуропаның қауіпсіздігі мен ынтымақтастығы ұйымы деп аталғанымен оған бұрынғы КСРО, сондай-ақ, АҚШ және Канада сияқты басқа құрлықтағы елдер де енді. Шешім қабылдағанда ұйымға мүше елдердің тең құқықтылығы сақталады. КСРО-ның құлауымен бірге Батыс пен Шығыс арасындағы текетірес те жойылды. Бұрынғы қарама-қарсы бағыт ұстанған социалистік және капиталистік лагерь елдері енді ұйымды Еуропа елдеріндегі шиеленісті реттейтін жалпыеуропалық ұйымға айналдыруға күш сала бастады. ЕҚЫҰ шеңберінде қол қойылған сол кездегі жаңа Еуропаны құруға негіз жасаған Париж хартиясы, «Еуропадағы ашық аспан» сияқты маңызды құжаттардан осы мақсат анық байқалды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан әлемдік державалар мен беделді халықаралық ұйымдардың, соның ішінде ЕҚЫҰ-ның қолдауын қажет етті. Бұл кезде дүниежүзілік қоғамдас-тық та тарихтың еркімен қуаты жағынан әлемдегі төртінші ядролық арсеналға ие болып қалған жас мемлекетпен сындарлы сыртқы саясатты жүргізуге мүдделі болды. Осыны ескере отырып, еліміз сыртқы және ішкі саясатта теңдестірілген амал-көзқарастар пайдасына саналы түрде таңдау жасады. Көпжақты әріптестік, экономика мен қоғамды ырықтандыру стратегиясы сол амалдардың өзегіне айналды.

Батыстың жетекші елдерінің Ұйымға кіруге шақыруы Қазақстанда еуропалық қауіпсіздіктің тең құқылы және бөліну сызықтары жоқ жағдайлардағы жаңа архитектурасын қалыптастыруға бағытталған қадам ретінде қабылданды.

Жалпыеуропалық кеңестің толыққанды қатысушысына айналған Қазақстан оны одан әрі дамыту, сонымен бірге халықаралық ұйым болып қайта құрылуы үдерісіне белсене қатысты. Қазақстан Президенті Н.Назарбаев ЕҚЫҰ-ның Хельсинкиде (1992 ж.), Будапештте (1994 ж.), Лиссабонда (1996 ж.) және Стамбұлда (1999 ж.) өткен саммиттерінің жұмысына қатысты. ЕҚЫҰ Министрлер Кеңесінің жылсайынғы отырыстарына Қазақстан атынан сыртқы саясат ведомство-сының басшысы өкілдік етеді. Қазақстандық парламентшілер Ұйымның Парламенттік ассамблея-сының жұмысына белсенді қатысуда.

1994 ж. Будапешт саммитінің қорытындысы бойынша, одан әрі институттандыру мақсатында Кеңес Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым болып қайта құрылды.

1995 ж. еліміздің ЕҚЫҰ-ға тікелей қатысуын қамтамасыз еткен, Қазақстанның Венадағы халықаралық ұйымдар жанындағы Тұрақты Өкілдігінің іргетасы қаланды. Ал 2008 жылдан бас-тап алдағы төрағалық тұрғысында Елші Қайрат Әбдірахманов басқаратын Қазақстанның ЕҚЫҰ жанындағы Тұрақты өкілдігі жұмыс істеуде.

1995 ж. Ташкенттегі офисімен ЕҚЫҰ-ның Орталық Азиядағы өңірлік Бюросы ашылды. 1999 ж. ЕҚЫҰ-ның Алматыдағы Орталығы ашылды, сосын ол 2007 ж. ЕҚЫҰ-ның Астанадағы Орта-лығы болып қайта құрылды. Орталықты қазір Елші Александр Кельчевски (Франция) басқарады.

Соңғы бірнеше жыл бойында Қазақстан ЕҚЫҰ-ның бірқатар ірі шараларын өткізді, олардың арасында:

«Адам саудасына қарсы күрес – өңірлік жауап» атты өңірлік Орталықазиялық конференция (Астана, 2006 ж. 18-19 мамыр);

Еуропадағы әдеттегі қарулы күштер туралы шарт бойынша III шолу конференциясында Қазақстанның төрағалық етуі (Вена, 2006 ж. 29 мамыр-2 маусым);

ЕҚЫҰ-ның жоғары деңгейдегі «Мәдениетаралық, дінаралық және этникааралық түсінік» атты Кеңесі – Толеранттық жөніндегі кеңес (Алматы, 2006 ж. 12-13 маусым);

«Минасыздандыру саласындағы сенім шаралары мен өңірлік ынтымақтастық» атты өңірлік семинар (Алматы, 2007 ж. 26-27 наурыз);

ЕҚЫҰ-ның Парламенттік ассамблеясының 17-ші жыл сайынғы сессиясы (Астана, 2008 ж. 29

маусым – 3 шілде). [1]

ЕҚЫҰ-мен өзара әс-қимыл шеңберінде Қазақстан экономикалық және экологиялық өлшем саласындағы, оның ішінде трансшекаралық су ресурстарын ұтымды пайдаланудағы ынтымақтас-тыққа айрықша көңіл бөледі. Ұйым шеңберінде көрсеткен белсенділігі және Орталық Азиядағы ауқымды саяси күшін ескере отырып, 2010 ж. ТМД елдері арасында алғаш рет Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төраға болу құрметіне ие болды. Осы тұрғыда ҚР Президентінің Жарлығымен «2009-2011 жылдарға арналаған «Еуропаға жол» Мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымындағы төрағалықтың мәртебелі миссиясын еліміз аса зор жауапкершілікпен төрағалық еткені баршамызға белгілі. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай, біздің ел төрағалықты қазіргі заман тарихының аса күрделі бір кезеңінде қолына алды. Халықаралық терроризм, жаппай қырып-жою қаруын таратпау режимінің дағдаруы, лаңкестік, гуманитарлық және экологиялық апаттар, аштық, кедейшілік, түрлі эпидемиялар, энергетика ресурстарының азаюы, ұлтаралық және дінаралық қақтығыстар және т.б қатерлер адамзат өміріне төніп тұр. Бұлармен күрес жүргізу ЕҚЫҰ сияқты қызмет аясы көпқырлы және беделді институттардың бар күш-жігерін жұмсауын қажет етеді. Тәуелсіздік алғанымызға да 19 жыл болды. Біз осын-дай жас мемлекет болуымызға қарамай ЕҚЫҰ-ға төрағалық еттік. КСРО-дан бөлініп шыққалы бері Қазақстанның тарихынан қаншама қиыншылықтар мен қуаныштар өтті. Осы тарихи сыннан сүріндірмей келе жатқан дана ойлы қайраткер Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев. Қазақстанның бұл ұйымға төрағалық етуі жайдан жай емес. Бұл көп ұлтты Қазақстан халқының береке бірлігін, достығын, ынтымағын, саяси тұрақтылығынын қамтамасыз еткен Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтің арқасында.

«ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету маңызды, әрі біз үшін мәртебе. Қазақстан әлемде танылды. Атап айтқанда, бізді 56 мемлекет таңдады және алдағы тарихта бұл оқиға қайталана ма? Оны ешкім білмейді. Бізге артылған сенімге барлық тұрғыдан сай болу үшін оның маңызын адамдарға түсіндіру керек», - деп атап өтті Елбасымыз. [2] ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету біздің ел үшін тәуелсіздік жылдарындағы басты жеңіс деп айтуға болады. ЕҚЫҰ қауіпсіздік мәселесіне көп мән береді. Мәселен, Қазақстан өзінің атом бомбасымен жаракталған стратегиялық ракеталарын жойғаны үшін ядролық державалар: Ресей, АҚШ, Франция және Ұлыбритания – Қазақстанның ядролық қауіпсіздік кепілдіктері туралы меморандумына қол қойды. Меморандумда, сондай-ақ, егер ҚР ядролық қару қолданылатын шабуылға ұшыраса немесе шабуыл қаупінің объектісіне айналса, онда жоғарыда аталған мемлекеттер Қазақстанға тиісті көмек көрсету жөнінде шұғыл іс-шаралар жасайтыны айтылды. ЕҚЫҰ жалпыға бірдей қауіпсіздікті қолдау жөніндегі өзінің мүмкіншілігін атап көрсетті. Ұйымның жарғысында әскери-саяси, экономикалық және экологиялық реформаларға және қоршаған ортаны оңалтуға байланысты мәселелерді шешу – аймақтық дамудың басты мақсаты деп белгіленген. Шілденің 8-інде республика ЕҚЫҰ-ның Хельсинки қорытынды актісіне, ал қыркүйектің 23-інде – Жаңа Еуропа үшін Париж хартиясына қол қойды.

ЕҚЫҰ-ның соңғы жылдардағы қызметіне назар аударып қарасақ, алдына қойған мақсатын биік деңгейде атқарып, әлем халықтарының алдында соншалықты үлкен беделге ие болып жүрмегендігін байқауға болады. Мәселен, ЕҚЫҰ-ның Босния мен Герцеговинаға қатысты міндеті жасалған шарттарға орай аймақтағы бейбітшіліктің орнығуына талдау болса, Косовада елдің шекаралық аумағын қалпына келтіріп, демократия мен жариялылықтың дамуына ықпал жасау болды. Бұл екі жағдайда да шиеленісті тікелей шешумен НАТО айналысты да, ЕҚЫҰ-ның еншісіне екінші дәрежедегі мәселелермен айналысу тиді.

Ұйымның Закавказьедегі үлкен жетістігі ретінде Таулы Карабах шиеленісін шешу үшін Минскіде байланыс тобын құруын атап өтуге болады. Бұл топқа Англия, Германия, Ресей Федерациясы, АҚШ және Франция елдерінің өкілдері енді. Минск тобы 1993 ж. Баку мен Ереванға шиеленісті шешу жағынан қолдау таппады. Тек 1994 ж. Ресейдің арағайындығымен ұрыс қимылдарын тоқтату жөніндегі ресми емес келісімге қол қойылды. Бұл келісім күні бүгінге дейін сақталып отыр. Аталған ұйымға мүше елдердің басшыларының және үкімет басшыларының кездесуі – ЕҚЫҰ самитті сирек өткізіледі. Қырық жылдай уақытта жоғары дәрежедегі осындай саммит тек алты рет қана болыпты, олардың қатарында 1975 жылғы ұйымның негізгі құжатын қабылдаған Хельсинки саммиті, 1990 жылғы Жаңа Еуропа Хартиясына қол қойылған Париж саммиті, 1994 жылғы ұйымның негізгі құрылымын өзгертуге шешім қабылдаған Будапешт саммиті, 1996 жылғы «XXI ғасырдың Еуропасы үшін жалпы және жан-жақты қамтитын қауіпсіздік үлгілері» тура-лы декларация, «Қарулануға бақылау негіздері» және «Қауіпсіздік саласындағы өзара іс-қимыл бойынша форумның күн тәртібін дамыту» туралы құжаттарды бекіткен Лиссабон кездесуі және

1999 жылғы Еуропа қауіпсіздік Хартиясына қол қойылған Стамбул саммиті. Ал 2010 ж. 1-2 желтоқсан айында елордамыз Астана қаласындағы Астана саммиті.

